

**"БЕКІТЕМІН"**

**"Талдықорған жоғары  
аграрлық - технологиялық колледжі"  
ШЖҚ МКК директоры**

**А.Жуманбаев**

**2026 жылғы "30" сәуір**

**"Жетісу облысының білім басқармасы" ММ-нің  
"Талдықорған жоғары аграрлық - технологиялық колледжі" ШЖҚ МКК-ы  
қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдауының  
қорытындысы бойынша аналитикалық анықтама**

**Талдықорған қаласы**

**2026 жылғы 30 сәуір**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 үлгілік қағидаларына сәйкес, «Талдықорған жоғары аграрлық - технологиялық колледжі» ШЖҚ МКК-ы (бұдан әрі - колледж) директорының 06.04.2026 жылғы №80 н/к бұйрығы негізінде, колледж қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында құрылған жұмыс тобы құрамымен 2026 жылғы 13 сәуір мен 30 сәуір аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша ішкі талдау жүргізілді.

Жұмыс тобы құрамы: директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Жексембаев Галымжан Жуматайұлы, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ахметсапа Олжас Мухтарұлы, директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Тойлыбаева Галия Несипбайқызы, директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Ержигитова Майра Топанбайқызы, директордың әкімшілік-шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары Токтабаев Кайрат Еділұлы.

2025 жылғы 01 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде «Талдықорған жоғары аграрлық-технологиялық колледжі» ШЖҚ МКК (бұдан әрі - колледж) қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі болып табылды.

Колледж өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясына, Білім саласындағы нормативтік - құқықтық актілерге сәйкес, «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Жетісу облысының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» РММ-сі тарапынан 28.04.2025 жылы берілген KZ20LAM00002361 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады.

Колледжді 2022 жылдың 1 қарашасынан бастап осы лауазымға тағайындалған колледж директоры - Жуманбаев Абдугали Рахметбайұлы басқарады.

Жүргізілген талдау үшін, көздер ретінде колледж қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілер (Жарғы, заңдар, қаулылар, ережелер, бұйрықтар) пайдаланылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Колледж қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2. Колледждің білім беру қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау объектісінің қызметін, құқықтық актілер мен ішкі құжаттарды талдау, колледждің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметін реттейтін осы бағыттар бойынша әрбір бөлімше бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жүргізілді:

- 1) кадрлар бөлімі;
- 2) есеп бөлімі ;
- 3) оқу процессі ;
- 4) мемлекеттік қызметтер ;
- 5) колледжішілік бақылау ;
- 6) өтініштер мен шағымдар қарау.

#### **Колледждің ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

Ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау келесі мәселелер бойынша жүргізілді:

##### **1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.**

«Талдықорған жоғары аграрлық-технологиялық колледжі» ШЖҚ МКК-да қызметкерлермен еңбек қатынастары ішкі тәртіп, ұжымдық және еңбек шарттары, лауазымдық нұсқаулықтар, ішкі бұйрықтармен реттеледі.

Колледждің барлық қызметкерлері атқаратын лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Еңбек міндеттерін жүзеге асыру кезінде кәсіби әлеуетті неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында, жүзеге асырылатын еңбек қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес қызметкерлерді ротациялау жүзеге асырылады. Қызметкерлерді басқа лауазымға ауыстыру және тағайындау жұмыс берушінің (колледж директорының) ішкі бұйрықтарымен расталады.

Педагогикалық кеңес шешімімен және колледж директорының 2025 жылғы 13 қаңтардағы № 5 ж/к бұйрығымен директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымына Ахметсапа О.М. тағайындалды, директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымына Г.Н.Тойлыбаева ауыстырылды, ал директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымына Г.Ж.Жексембаев бекітілді, ол 2024 жылғы 15-ші қазанынан бастап осы қызметті уақытша атқарған. Сонымен қатар директордың әкімшілік-шаруашылық бөлім бойынша орынбасары лауазымына К.Е.Токтабаев 02.09.2025ж. бекітілді.

Қызметкерлерді колледжде жұмысқа қабылдау «Жетісу облысының еңбек ұтқырлығы орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің филиалы «Талдықорған қаласының Мансап орталығы» мекемесі берген жолдама бойынша электрондық база арқылы жүзеге асырылады.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау рәсімін ұйымдастыру бос жұмыс орындарын «Enbek.kz» электрондық порталға орналастыру арқылы жүргізіледі. Қызметкерлердің есепке алынуы және қозғалысы НОБД, Фаворит, ЕКС, «Enbek.kz» электрондық базасы арқылы жүзеге асырылады.

Колледж қызметкерлерінің штаты бекітілген штат кестесіне сәйкес жасақталған, ол 63 штат бірлігі. Барлық қызметкерлер саны - 117, оның ішінде декреттік демалыста - 9.

Талдау жүргізу мерзіміне, яғни 2025 жылдың 01 қаңтардан 31 желтоқсан аралығында жалпы жұмысқа қабылданғандар саны - 42, оның ішінде штатқа - 24, қосалқы қызметке - 18.

Жұмыстан өз еркімен шыққан қызметкерлер жалпы саны - 52, штаттағы - 27, қосалқы қызметтегілер - 25.

Қолда бар бос жұмыс орындары бойынша үміткерлер еңбек биржасында тіркелген уақытша жұмыссыз азаматтар қатарынан жіберіледі. Толық жұмыс күніндегі жалақының төмендігіне байланысты техникалық персонал арасында кадрлардың ауысуы байқалады.

Жұмысқа қабылданған барлық қызметкерлер соттылығының бар-жоғын тексеруден өтеді. Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және қылмыстық қылмыс жасаған, сондай-ақ наркологиялық және психиатриялық мекемеде есепте тұрған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері жоқ. Барлық қызметкерлерде растайтын анықтамалар бар.

Кадрларды іріктеу және жалдау процесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін және колледжде бос лауазымдарға орналасқысы келетін кандидаттардың кәсіби білімін айқындау мақсатында колледж директорының 15.08.2025 жылғы №166 ішкі бұйрығымен конкурстық комиссияның құрамы бекітілді, оның құрамына облыстық әдістемелік орталықтың өкілі, сондай-ақ колледждің Қамқоршылық кеңесінің мүшесі енгізілді.

Педагог қызметкерлерді жұмысқа қабылдау конкурстық негізде жүргізіледі. Бос лауазымдарға орналасуға арналған хабарландырулар колледждің сайтына, «Enbek.kz», hr.nobd.kz орналастырылады.

Педагогтерді бос және уақытша бос лауазымдарға қабылдау өткізілген конкурс нәтижелері бойынша және колледж директорының бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №96 бірлескен бұйрығына сәйкес конкурс тәртібімен жүзеге асырылады. Конкурстық іріктеу нәтижесінде арнайы пәндерінен 5 педагог, 1 өндірістік

оқыту шебері, 2 жатақхана тәрбиешісі және 1 уақытша бос ваканттық орынға информатика пәні педагогі қабылданды. Кезекті отырыс фото және бейнетіркеу арқылы өткізіледі және комиссия мүшелерінің қол қойылған хаттамасымен ресімделеді.

Колледж штатында 18.03.2022 жылдан бастап комплаенс-офицер Отарқожа Айдын Нұржапарұлы жұмыс атқарып келеді. Ол өз міндеттерін лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес орындауда.

Оның басшылығымен жоспарға сәйкес ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру үшін іс-шаралар ұйымдастырылады және барлық қажетті шаралар қабылданады.

Колледж директорының 21.10.2025 жылғы № 225 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт бойынша жұмыс атқарылады және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия құрамы бекітіліген.

Бос лауазымдарға орналасу кезіндегі аффилиирлену фактілері жақын туыстары атқаратын лауазымға тікелей бағыныштылық анықталған жоқ.

Колледж басшылығымен жұмысқа қабылданған қызметкерлердің үлестестігі жоқ.

Ұжымда 2 факт (ерлі-зайыптылар) және 1 факт (туған бауырлар) жұмыс істейді, бірақ олар атқаратын лауазымдары бойынша бір-біріне бағынбайтындықтан, мүдделер қақтығысы фактісі анықталған жоқ.

«Бөлімшенің ұйымдық басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша қызметкердің мүдделер қақтығысының, үлестестігінің болуы фактілері анықталмады.

Осы бағыт бойынша жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде жемқорлық фактілері анықталмады.

## **2. Қаржы және бухгалтерия (жалақы, үстемақы, сатып алу, бюджет) ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘ УЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ**

Жұмыс тобы бюджеттік өтінімнің Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 21 сәуірдегі №184 бұйрығы талаптарына сәйкес қалыптастырылатынын анықтады. Аталған Қағидаларға сәйкес бюджеттік өтінім уәкілетті органға жасалып, ұсынылады. Өтінімде шығыстардың әрбір бабы бойынша толық негіздеме беріледі, сондай-ақ шығыс бөлігін растайтын құжаттар қоса тіркеледі. Сонымен қатар, әрбір шығыс бабы бойынша кемінде үш коммерциялық ұсыныс (прайс-парақ) ұсынылуы тиіс.

Бюджеттік өтінім ұйым басшысымен бекітіліп, білім басқармасының басшылығымен келісіледі.

Еңбекақыны қалыптастыру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін, алайда ол бекітілген штат кестесі мен тарификация негізінде есептелген жағдайда тәуекелдердің туындау ықтималдығы төмен. Әкімшілік қызметкерлер мен педагогтердің еңбекақысы еңбек өтіліне байланысты төленеді (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 21

мамырдағы №302 қаулысы 1-қосымша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысы 2-қосымша).

Бір балаға арналған тамақтану шығындарының калькуляциясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 қаулысы (3-қосымшаның 2-тарауының 30-тармағы «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерлерін, көздерін, түрлерін және қағидаларын бекіту туралы») талаптарына сәйкес келеді және тәулігіне 914 теңгені құрайды, бұл жетім баланың тәуліктік тамақтану нормасының (2285 теңге) 40%-ына тең. Іссапар шығындары «Қызметтік іссапарлар және шығындарды өтеу туралы» ішкі ережеге сәйкес төленеді. Бұл ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №562 қаулысы (өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) негізінде әзірленген.

1310 шотын айналып өтіп, шығыстарға жатқызылатын материалдарға шығын материалдары жатады (картридждер, тонерлер, кеңсе тауарлары: қағаз, қалам, өшіргіш, қарындаш және т.б., сондай-ақ дәрілік заттар: таблеткалар, ампулалар және т.б.). Оларды сатып алу ағымдағы қажеттіліктер шегінде, қор жинақталмай жүзеге асырылады. Тауарлық-материалдық қорларды есептен шығару үшін материалдық жауапты тұлға (МЖТ) материалдық топ бухгалтерін және комиссия мүшелерін хабардар етеді.

Есептен шығару қажеттілігі комиссиялық тәртіппен айқындалады. ТМҚ есептен шығарылған кезде оларды жою міндетті (тозу, сыну, өртеу немесе арнайы бөлінген орынға шығару арқылы) және бұл рәсім комиссия мүшелерінің қатысуымен жүргізіледі.

2410 шотына жатқызылатын ұзақ мерзімді активтерге негізгі құралдар кіреді, атап айтқанда: компьютерлік техника (ноутбуктер, моноблоктар, жүйелік блоктар), сондай-ақ машиналар мен жабдықтар (сабан ұсақтағыш, генератор және т.б.).

**Мемлекеттік сатып алуды өткізудегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу процесінің тиімділігі мен ашықтығын арттыру мақсатында электрондық мемлекеттік сатып алу енгізілді, онда сатып алудың барлық негізгі рәсімдері автоматтандырылды және адами факторлар қысқартылып, сондай-ақ веб-порталда белгіленетін, веб-портал пайдаланушыларының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған камералдық бақылау, бағдарламалық шектеулер кешені құрылды. Колледжде мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсімдері "мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және веб-портал арқылы мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады <https://www.goszakup.gov.kz/>.

Бекітілген Мемлекеттік сатып алу жоспарын мемлекеттік сатып алу веб-порталына орналастыру кезінде «мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР

Заңының 1-тармағының 6-бабына және 3-тармағына сәйкес барлық мерзімдер сақталады, сондай-ақ:

Шарттардың жобаларын өнім берушіге жіберу мерзімдері (6-бапқа сәйкес «мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 3-тармағы);  
Шарттарды жасасу мерзімдері;

Бірінші жеңімпаз Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған жағдайда, екінші жеңімпазбен шарт жасасу мерзімдері ("Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 6-бабына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес).

Колледж "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңына сәйкес бірнеше тәсілмен сатып алу ережелерін сақтайды және орындайды. Жеткізушілер шеңберін негізсіз кеңейту және сатып алуды жүзеге асыру процесін негізсіз кешіктіру немесе жеделдету жүзеге асырылған жоқ. Колледж Екінші деңгейдегі банктермен тікелей жұмыс істейді, өйткені ол ШЖҚ МКК болып табылады, сондықтан ол Шарттарды Қазынашылық органдарында тіркемейді.

1. Бекітілген мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес 2025 жылы жасалған шарттар саны 231 құрайды.

Оның ішінде сатып алу тәсілі:

1. Конкурстың екінші кезеңі негіздемелік келісімді пайдалана отырып - 0.
2. Баға ұсыныстарын сұрату - 139.
3. Өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден - 46.
4. Тікелей шарт жасасу әдісімен бір көзден - 26. (Көзделген тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға құқылы өнім берушілердің тізімі 16-бап Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру негіздері).
5. Рейтингітік-балдық жүйені пайдалана отырып конкурсы - 0.
6. Алдын ала біліктілік іріктеумен конкурсы - 0.
7. Ашық конкурс - 0.
8. Электрондық дүкен - 19.
9. Біржақты тәртіпте бұзылды - 5. (эконом сотқа берілді, қағаз жүзінде расталады).

### **3. Оқу процесі (сағат бөлу, бағалау, фиктив сабақтар).**

Колледж әкімшілігі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Білім туралы» заңдарына, БҒМ-нің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына, сондай-ақ ішкі нормативтік актілерге сәйкес ішкі талдау жүргізді.  
Талдаудың мақсаты - оқу жүктемесін бөлу және білім алушылардың білім сапасын бағалау кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау.

**Талдау нәтижелері:**

#### **1. Оқу жүктемесін бөлу**

Бекітілген критерийлер (біліктілік, еңбек өтілі, санат) негізінде ашықтық және алқалылық қағидаттарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

Шешімдер бұйрықтармен рәсімделіп, қызметкерлерге таныстырылады. Мүдделер қақтығысы және өтініштер анықталған жоқ.

**Тәуекел деңгейі: төмен, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.**

## **2. Білім сапасын бағалау**

Ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау түрлері бойынша бекітілген критерийлер негізінде жүргізіледі. Емтихан комиссиялары қатысады, цифрлық құралдар қолданылады. Апелляция рәсімі қарастырылған. Бағалаудың әділетсіздігі және өтініштер тіркелген жоқ.

## **3. Оқу-әдістемелік жұмысы.**

Оқу-әдістемелік жұмыс шеңберінде колледж оқытушыларымен сабақ сапасын арттыру, білім алушылардың сабаққа қатысуын жүйелі бақылау, оқу процесін ұйымдастыру және жетілдіру бойынша жұмыстар оқу процесінің бекітілген кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Педагогтерді біліктілік санаттарына кезекті аттестаттау. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 ақпанда № 13317 болып тіркелді. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.04.2024 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен кемінде бес жылда бір рет (біліктілік санатын соңғы берген (растаған) күннен бастап келесі аттестаттау мерзімі басталғанға дейін немесе мерзімінен бұрын аттестаттау үшін шарттар болған жағдайдағы уақыт аралығы) жүргізіледі.

Колледж әкімшілігі педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін анықтау мақсатында рейтингтік бағалау жүйесін енгізіп, біліктілікті арттыру бойынша жұмыстарды ұйымдастырды. Педагогтердің кәсіби деңгейін бағалау және объективті қорытынды шығару үшін колледж директорының 2026 жылғы 13 ақпан № 45 н/к бұйрығымен комиссия құрамы бекітілді. Комиссия құрамына облыстық оқу-әдістемелік орталықтың өкілі енгізілген. Сонымен қатар, педагогтерді аттестаттау жұмыстарын жүргізу мақсатында колледж директорының 2025 жылғы 28 қарашадағы №254 н/к бұйрығымен сараптамалық кеңес құрылып, оның құрамына облыстық оқу-әдістемелік орталықтың өкілі енгізілді.

Қызметкерлерді оқыту, біліктілігін арттыру мерзімдері мен тәртібі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес және бекітілген перспективалық жоспарлар негізінде жүзеге асырылады.

Жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде комиссия мүшелері оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша келесі ұсынымдар берді:

- педагог қызметкерлердің оқу-әдістемелік қызметін жетілдіру;
- бағалаудың рейтингтік жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- педагогтердің кәсіби белсенділігін ынталандыру.

Оқу-тәрбие, оқу-өндірістік және ғылыми-әдістемелік жұмыстар Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің

107-бабының 2-тармағына, «Еңбекақы төлеу жүйесі туралы» №414-V ҚРЗ Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Оқу жылының қорытындысы бойынша педагогтердің жалпы рейтингі шығарылып, нәтижелері бойынша:

- жоғары көрсеткішке ие болған педагогтер «Педагог-инноватор», «Шығармашылық педагог», «Үздік топ жетекшісі» және басқа да номинациялармен марапатталады;
- рейтинг нәтижелері бойынша ескерту алған педагогтерге тиісті балл шегеріледі және түсіндірме жұмыстары жүргізіледі.

Жалпы алғанда, колледжде оқу-әдістемелік жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылып, педагогтердің кәсіби дамуына және білім беру сапасын арттыруға бағытталған.

**Тәуекел деңгейі: төмен, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.**

**Жалпы қорытынды.**

Оқу үдерісінде сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін факторлар анықталған жоқ. Барлық рәсімдер заңнама талаптарына сәйкес, ашықтық пен объективтілік қамтамасыз етілген.

**Маңызды сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоқ.**

Тұрақты ішкі бақылау, түсіндіру жұмыстары, үдерістерді цифрландыру және жүйелі мониторинг жүргізіледі.

**4. Мемлекеттік қызметтер (қабылдау, құжаттар, студенттерге қызмет көрсету).**

Колледж әкімшілігі Қазақстан Республикасының:

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына;
- «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңына;
- «Білім туралы» Заңына;
- мемлекеттік қызметтердің қолданыстағы стандарттарына және колледждің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету саласында ішкі талдау жүргізді.

**1. Талдаудың мақсаты**

Келесі процестер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және бағалау:

- қызмет алушылардан құжаттарды қабылдау;
- білім алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету.

**2. Талдау нәтижелері**

**2.1. Құжаттарды қабылдау және тіркеу**

Колледж әкімшілігі құжаттарды қабылдау заңнамада белгіленген тәртіппен, ашықтық және қолжетімділік қағидаттарын сақтай отырып жүзеге асырылатынын хабарлайды.

Талдау барысында анықталды:

- рәсімдер регламенттелген және стандартталған;
- құжаттар тізбесі мен қызмет көрсету мерзімдері қызмет алушыларға

жеткізіледі;

- өтініштерді тіркеу белгіленген тәртіпте жүргізіледі;
  - тікелей байланыс деңгейін төмендететін цифрлық элементтер енгізілген.
- Заңсыз әрекеттер бойынша шағымдар мен өтініштер түскен жоқ.

**Қорытынды:** сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ, тәуекел деңгейі - төмен.

## **2.2. Білім алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету**

Мемлекеттік қызметтер (анықтамалар, құжаттар беру және т.б.) бекітілген стандарттар мен мерзімдерге сәйкес көрсетіледі.

Талдау барысында анықталды:

- қызмет көрсету мерзімдерінің сақталуы;
- барлық қызмет алушылар үшін тең қолжетімділік;
- көрсетілген қызметтерді есепке алу;
- әкімшілік тарапынан ішкі бақылаудың болуы.

Негізсіз бас тарту және бұзушылық фактілері анықталған жоқ, сыбайлас жемқорлық бойынша өтініштер түскен жоқ.

**Қорытынды:** сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ, тәуекел деңгейі - төмен.

## **3. Жалпы қорытынды**

Жүргізілген талдау нәтижесі бойынша:

- мемлекеттік қызметтер көрсету саласында сыбайлас жемқорлық факторлары анықталған жоқ;
- рәсімдер ашық, регламенттелген және бақылауда;
- Қазақстан Республикасының заңнама талаптары толық сақталған.

**Маңызды сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоқ.**

## **4. Алдын алу шаралары**

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу мақсатында:

- тұрақты ішкі бақылау қамтамасыз етіледі;
- мемлекеттік қызметтерді цифрландыру дамытылады;
- қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты мониторинг жүзеге асырылады.

## **5. Бақылау және ішкі тәртіп (ішкі бақылау, тексеріс).**

Колледжде тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру және қауіпсіз орта құру мақсатында ішкі бақылау жүйелі түрде жүргізіледі. Бұл бағыттағы жұмыстың негізгі ерекшелігі - комплаенс - офицермен бірлескен іс-қимылдар:

- **«Саналы ұрпақ» студенттік клубы:** Клуб мүшелері мен комплаенс-офицер студенттер арасында академиялық адалдықты насихаттап, «таза сессия», «парасыз болашақ» акцияларын ұйымдастырады.
- **Тәртіптік бақылау:** Студенттердің қоғамдық мінез-құлқы, сабаққа қатысуы (кешігу, себепсіз қалу) тұрақты мониторингте болады. Тәртіп бұзылған жағдайда ата-аналармен кері байланыс орнатылып, профилактикалық жұмыстар жүргізіледі.

- **Құжаттама және талдау:** Жоспарлы тексерістер нәтижесінде анықталған кемшіліктер Тәрбие кеңесінде каралып, оларды жою бойынша нақты ұсыныстар беріледі.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекел деңгейі:** төмен, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоқ.

#### 6. Өтініштер мен шағымдар (студент, ата-ана, қызметкерлер өтініштері).

Колледжде студенттерден, ата-аналардан және қызметкерлерден түсетін өтініштерді карау **ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес** («Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» және «Білім туралы» Заңы) ашықтық қағидатымен жүзеге асады:

- **Қабылдау арналары:** Өтініштер жазбаша, электронды түрде, сондай-ақ «сенім жәшігі» мен онлайн байланыс арналары арқылы қабылданады. Анонимді өтініштерді карау мүмкіндігі де қарастырылған.
- **Мониторинг:** Қаралатын мәселелерге оқу-тәрбие процесі, әлеуметтік-психологиялық қолдау және этикалық нормалардың сақталуы жатады.
- **Әділдік:** Барлық шағымдар комплаенс-офицердің қатысуымен объективті зерделеніп, қайталанатын мәселелер бойынша алдын алу шаралары қабылданады.

#### **Тәрбие жұмысының құқықтық негіздері (Негізгі заңдар):**

Колледждің тәрбие және бақылау қызметі келесі нормативтік құқықтық актілерге негізделеді:

1. **ҚР «Білім туралы» Заңы** - білім алушылардың міндеттері мен тәрбие жұмысының басымдықтарын айқындайды.
2. **ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы** - комплаенс-қызметі мен «Саналы ұрпақ» клубы жұмысының негізі.
3. **ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі»** - өтініштер мен шағымдарды карау мерзімі мен тәртібін реттейді.
4. **ҚР «Бала құқықтары туралы» Заңы** - қауіпсіз орта қалыптастыру және бала қорғау мәселелерін қамтиды.

Жоғарыда көрсетілген бағыттар бойынша жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде комиссия мүшелері жұмысты одан әрі жақсарту бойынша мынадай ұсынымдар берді.

#### **Ұсынымдар:**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды одан әрі күшейту, тиімділігін арттыру мақсатында :

- ұжымда түсіндіру жұмыстарын жүргізу сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру;

- қолданыстағы заңнаманы және оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіру бойынша құқықтық жалпыға бірдей оқыту сабақтарын тұрақты негізде өткізу.

**Жұмыс тобының төрағасы:**

Жексембаев Галымжан Жуматаевич  
Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары



**Жұмыс тобының мүшелері:**

Ахметсапа Олжас Мухтарұлы  
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары




Тойлыбаева Галия Несипбаевна  
Директордың оқу-әдістемелік жұмысы  
жөніндегі орынбасары




Ержигитова Майра Топанбаевна  
Директордың оқу-өндірістік жұмысы  
жөніндегі орынбасары



Токтабаев Кайрат Едилович  
Директордың әкімшілік-шаруашылық  
бөлім бойынша орынбасары



Сембаева Сымбат Үсенқызы  
Бас есепші



Отаркожа Айдын Нұржапарұлы  
Комплаенс-офицер

